

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ
КОМИТЕТА НАУКИ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS OF THE COMMITTEE OF SCIENCE
OF THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБА КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН БЕЛСЕНДІ ҮДЕРІСТЕР

Филология ғылымдарының докторы, профессор Аймангүл Мырзалықызы Алдаштың
70 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған
«Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международная научно-практическая конференция «Традиции и активные процессы
в устной и письменной коммуникации языка», посвященная 70-летию юбилею
профессора Аймангуль Мырзалиевны Алдаш

CONFERENCE PROCEEDINGS

Republican Scientific and Practical Conference « Tradition and active processes in oral and
written language communication» in the framework of the Project «Linguistic School»
dedicated to the 70 th anniversary of Professor A. Aldash

УДК 80/81
ББК 81.2
А93

Бас редактор

А.Фазылжан – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

Пікір жазғандар:

Н.Уәли – филология ғылымдарының докторы, профессор
Ж.Манкеева – филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

ф.ғ.д., профессор Е.Қажыбек, ф.ғ.д., профессор Ж.Манкеева,
ф.ғ.д., профессор З.Базарбаева, ф.ғ.д., профессор М.Малбақов,
ф.ғ.д., профессор Қ.Рысбергген, ф.ғ.д., профессор Б.Момынова,
ф.ғ.д., профессор Қ.Күдерина, PhD доктор Е.Маралбек, ф.ғ.к. С.Құлманов,
ф.ғ.к. Н.Әміржанова, ф.ғ.к. А.Әмірбекова, ф.ғ.к. Д.Пашан

Жауапты шығарушылар:

Н.Әміржанова, Ж.Тұрғынбаева

А93 «Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы,
2021. – 524 бет.

ISBN 978-601-09-1415-5

Бұл жинаққа «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» (OR11465483) ғылыми жобасы аясында филология ғылымдарының докторы, профессор Аймангүл Мырзалықызы Алдаштың 70 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енді. Жинаққа енген материалдар ғылыми бағыттағы филологияның өзекті мәселелерін қамтиды. Материалдар жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен ғылыми зерттеу институттары қызметкерлеріне, Phd докторанттар мен магистранттарға арналады.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-09-1415-5

Ж.А.Абитжанова

Филология ғылымдарының кандидаты,

Алматы, Қазақстан

abitzhanova.zhanar@mail.ru

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Андатпа. Бұл мақалада жыраулар поэзиясы тіліндегі фразеологизмдердің қолданысы айқындалып, олардың семантикалық сипаты ашылған. Фразеологизмдердің қолданысы арқылы сол дәуірдің мәдени-рухани ерекшеліктері көрініс тапқан.

Аннотация. В данной статье выявляется использование фразеологии в языке жырауской поэзии и раскрывается их семантика. Использование фразеологии отражает культурные и духовные особенности той эпохи.

Annotation. This article reveals the use of phraseology in the language of Zhyrau poetry and reveals their semantics. The use of phraseology reflects the cultural and spiritual characteristics of that era.

Қазақ тілінің байлығы тек сөздің ұзын санымен ғана өлшенбейді. Ұлттық тілдің сөз қазынасы түр-түрпаты жағынан да әр алуан болып келеді: жеке сөздер, күрделі сөздер, қос сөздер, тұрақты сөз тіркестері түрінде кездесетін лексикалық бірліктер бар. Солардың бір саласы «фразеологиялық тіркестер», қысқаша «фразеологизмдер» деп аталады.

Фразеологизмдер – құрамы жағынан тұрақтылығымен «дап-дайын» күйде кездесетіндігімен, кез келген тұста қолдана беруге болмайтын талғампаздығымен, мағына-мазмұн тереңдігімен, бейнелілігімен ерекшеленіп тұратын тілдік құбылыс. Фразеологизмдердің тағы бір қасиеті – олардың құрамында көнелік белгі, сөздердің байырғы күйі, ескілікті сипаттары сақталады. Жекелеген сөздердің мағыналары, дыбыс түрпаты өзгеріп жатса, фразеологизмдер бұл жағынан «дәстүрге берік».

Фразеологизмдерде Адам, Қоғам, Табиғат жөнінде тілдік ұжымның сан ғасырлық дәстүрлі білімдер жүйесі сақталған. Фразеологизмдер тіл қазынасының ерекше бір қымбат дүниесі – сөз жүйесінің ішінде шоқтығы биік болып көрінетіні де сондықтан.

Фразеологияның тіл білімінде жеке дербес лингвистика саласы ретінде қалыптасуына негіз болған зерттеулер академик ғалым І.Кеңесбаевтың еңбектерімен байланысты екендігі белгілі. Зерттеушінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегі қазақ тілінің фразеология саласының теориялық мәселелерін тұжырымдап, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің негіздемесін жасап берді.

Фразеологизмдер – тарихи тілдік құбылыс болып табылады. Олар тұрақты тілдік қолданыстың нәтижесінде және бейнелілікті білдірудің тұрақталған тәсілі ретінде қалыптасатындығы ғылыми еңбектерде айқындалған [1, 40].

Фразеологизмдердің даяр қалпында жұмсалып белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Еркін сөз тіркестері қатынас жасау процесінде өз қалауы бойынша жасалады. Белгілі бір ойды кім қалай етіп жеткізсе де еркі өзінде деген сөз. Ал тілдегі фразеологизмдер бұлай етуге, құбылтуға көнбейді. Оның сыртқы құрылым-құрылысы еркін тіркеске ұқсағанымен сөйлем ішінде қолданылғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады. Ешкімнің ырқына көнбей, даяр тұрған құрылым материалы ретінде қызмет етеді де, сол қалпында сөйлемнің құрамына енеді [2, 187].

Фразеологизмдердің табиғатына тән осы бір қасиетін біз жалпы сөз қолданыс жүйесінен, әсіресе поэзия тілінен айқын көреміз. Поэзия тілінің өлең құрылысындағы, поэтикалық үйлесімділік, тұлғалық сәйкестік, дыбыстық үндестік (рифм, ритм), ұйқастық (аллитерация, ассонанс, т.б.) фразеологизмдердің «қамырша иленіп», сан алуан өзгерістерге түсуіне әсерін тигізеді [1, 41].

Фразеологизмдер тілдің шұрайлы қабатын құрай отырып, ұлттық ой өрнектерін таныта алады. Тілдегі басқа тіл бірліктерін, тіркестің басқа түрлерін фразеологизмдер мынадай ерекшеліктері арқылы айрықшаланып тұрады:

Мағына тұтастығы (белгілі фразеологизмнің ішіндегі сөздер бастапқы мағынасынан түгел немесе ішінара жартылай айрылып қалады да, шоғыр тіркес тек бір тұтас мағына береді).

Тіркес тиянақтылығы (белгілі фразеологизмнің ішіндегі сөздер бір-бірімен жымдаса байланысады да дерлік бір шақ тіркесу өз қалпын сақтайды).

Қолдану тұрақтылығы (белгілі фразеологизм әрдайым айна-қатесіз, өлеңдегі қа-йырма тәрізді бұлжымай қайталана қолданылады) [3, 590].

Ақдемек Ә.Қайдаровтың айтуы бойынша: «Фразеологизмдер – өте күрделі лингвистикалық жасалымдар. Олардың күрделілігі осы тіл бірлігінің құрылымдық типтерінің көптігімен де, синтаксистік модельдерінің молдығымен де, тақырыптық және семантикалық көп қырлылығымен де танылады. Сол көпқырлылықтың арасында ойдың түрлі эмоционалдық-экспрессивтік реңктері айқындалады [4, 202].

Қазіргі қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде танылып отырған фразеология – құрылымы мен құрамы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі жай-күйін және тарихи қалыптасуын зерттейді. Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде ХХ ғасырдың 40 жылдары қалыптасты. Қазақ тілінде фразеологизмдерді зерттеген ғалымдар: І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбайұлы, Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Ә.Нұрмағанбетов, А.Нұрмұханов, Г.Сағидоллақызы, З.Қ.Ахметжанова, К.М.Байбұлсынова, Д.Медербекова, Г.Д.Айтжанова, Ғ.Қалиев, Г.Смағұлова, Ж.Қоңыратбаева, С.Сәтенова, С.Е.Исабеков, Р.Жайсақова, Р.Сәрсенбаев, М.Жақыпбеков, Ө.Айтбаев,

Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты еңбекте: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалып белгісі. 2) мағына тұтастығы. 3) тіркес тиянақтылығы», - деп жазды [5, 187].

Фразеологизмдердің басым көпшілігі адамның дүниедегі құбылыстарды немесе сол құбылыстарға өзінің қатынасын бейнелі түрде сипаттап жеткізудегі талпынысынан туындайды. Халықтың күнделікті тіршілігінде әр түрлі құбылыстарды өзара салыстыра, бір заттың көзге түсер ерекшелігін екінші заттың ұқсас белгісіне балап, бір-біріне теңей сөйлеу тәжірибесінен, ойды тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізу мақсатынан тіл-тілде алуан түрлі бейнелі сөз орамдары қалыптасқан.

Фразеологизмнің материалдық негізін құрайтын еркін тіркестердің мағынасы халық өміріндегі объективті шындықты, оны қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар, түрлі жағдаяттар бейнесін қамтиды.

Фразеологизмдер қалай жасалады? Фразеологизмдер, біріншіден, қандай да бір құбылысты атаудағы (номинация тарапынан) олқылықтың орнын толтыру, екіншіден, тілдің коннотативтік қорын байыту мақсатында жасалады.

Г.Смағұлова: «Тұрақты тіркестер қазақ лексикасының ең өнімді бай қабатын құрайды. Осындай ұлан-ғайыр тілдік қордың ішінде кездесетін фразеологиялық факторлар табиғи тіл дамуының ажырамас көрсеткіші болуы керек... Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның

жан-дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды үнемі тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін де іздеген жөн», - деп жазады [6, 96-89].

Қазіргі қазақ фразеологиясы – зерттелген қырына қарағанда зерттелмеген тұсы әлі де көп тіл білімінің бір саласы. Фразеологизмдердің жыраулар поэзиясында қолданылуын қарастыру бүгінгі күнде өзекті болып табылады. Жырау шығармалары әдетте нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде келеді. Толғауларда жырау өзінің заманы жайында түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, елеулі қоғамдық мәселелер көтереді.

Жыраулар поэзиясы тілінде кездесетін фразеологизмдердің қолданыстарына тоқталайық.

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы – Шалкиіз Тіленшіұлының толғауларында төмендегідей фразеологизмдер орын алған:

Жел, жел есер, жел есер.
Жел астына қарасам,
Қоға менен тал өсер.
Ораздының ұлы өсер,
Жиырлының қызы өсер [7, 48].

Ораздының ұлы, жиырлының қызы *ораздының он ұлы, жиырлының жалғызы (көне) – ескілік уақытта өсер ұрпаққа өмір бағасын беруден келіп туған нақыл сөз [3, 555]. Осы фразеологизм ақынның келесі толғауында да орын алған:

Ораздының он ұлы,
Ойын салып жүргенде,
Жиырлының жалғызы
Атқан оғын таба алмай,
Жер сабалап қалған күн [7, 54].

Қазақ поэзиясының тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі Бұқар жыраудың өлеңдеріне мынадай фразеологизмдер орын алған:

Асқар таудың өлгені,

Басын мұнар шалғаны [8, 118]. Бұл жерде *асқар тау* фразеологизмі төмендегідей мағынада қолданылған: Асқар бел [биік тау, алатау, алалы тау] – ұлы биік, биік жота, үлкен қырат [3, 65].

Мен Арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын [9, 108].

Азуы (кере) қарыс – қаһарлы, өте ызғарлы өр адам мағынасында жұмсалған [10, 20].

Келесі «Садыр қайда барасың» өлеңінде:

Абылай алдында сен бітсең,
Құданалы таныспын,
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын [9, 108].

Атасын білмес алыспын – жат танымайтын бөтен жұрт деген мағынада берілген [3, 72].

Қайырсыз итке мал бітсе,

Аңқаң құрып келгенде саумал бермес ішерге. *Аңқасы құрыды [кепті]* – шөлдеді, сусанды, таңдайы кепті [3, 54].

«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» өлеңінде:

Көк ала *ат жаратып*,
Көк дабылды байлатып,
Байлар ұғлы шоралар,
Көл жағалар жаз күні [9, 115].

Ат жаратты (суатты) – атын баптады [3, 73].

Бұқар жыраудың өлеңдерінде тағы да басқа мынадай фразеологизмдер берілген: *Ат [тың]басын тартпады* – сескенбеді, именбеді [3, 77]; *Ат тұяғы тимеген* – ешкім бармаған, аяқ баспаған [3, 77]; *Дүниеге кең* – жомарт, пейілі кең [3, 194]; *Дүние құдың* – мал-мүліктің соңына түсті, көзі тоймады [3, 195]; *Жалаң аяқ жар кешті, қызыл аяқ қыр кешті* – үлкен бейнет шекті, тұрмыс қиындығын көрді [3, 103].

Көзден нұр тайды – жанары кеміді, өз болды, соқыр болды [3, 327]

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар.
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар болды [7, 115]

Осы өлең жолдарында

Мал бітті / малға бөкті – дәулеті асты, байыды [3, 506]

Батпақты сайға ау түссе,
Атың арып келгенде
Өткел бермес кешерге,
Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде
Саумал бермес ішерге [7, 115 б.]
Ертеңгісін ойламас
Көк есекпен саудам жоқ.
Есепте жоқ удай мас,
О да менен ауған жоқ.

Бұл жерде *көк есекпен сауда жоқ* – ертеңімен ісі жоқ деген мағынада. «Ертеңгі сауда – сауда, кешкі сауда – қауға»,... көк есектің саудасы ертеңгі сауда сияқты фразалар: өмір – сауда, оның ертесі жақсы, - дегені мегзейді. Ал ақын бұл арада *көк есек саудасындай* тірлік саудасынан қалған көңілді айтып отыр [3, 342]

Ақынның «Тіршіліктің түрлері» өлең жолдарында

Жесірдің қамын ойласаң,
Жетімнің көңілі жұбанар,
Екі мұңды бас қосса,
Тарқатып шерін шығарар [10, 123]

Көңілі жұбанды – медеу қылды, алданыш етті [3, 359]

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап көңілі қарайып,
Үмітін қоймас адамзат [7, 121]

Көңілі қарайды – ойы бұзылды, түңілді, торықты [3, 360]

Ашуланба Абылай,
Ашулансаң Абылай,
Көтеремін, көнермін, көтеріп қазыға салармын [7, 104]

Қазыға салды (көне) – төрелікке түсірді [3, 394]

Мол араға түспесе,
Құр қайтқаннан не пайда,

*Байдан қайыр кекен соң,
Мол да кетер, не пайда [7, 99]*

*Қайыр кетті – мейірімі жоғалды [3, 398]
Жан біткен еріп соңынан,
Он сан алам баласын,
Жусатып қойдай өргізіп,*

Жұмсап жүрсің қолыңнан. Бұл жерде *жусатып қойдай өргізіп* тұрақты тіркесінің мағынасы сөздікте – дегенінше жатқызып, тұрғызып биледі деген мағынада [3, 442]

Жусатып тағы өргізіп, жұмсап бір тұрсын қолынан...
/-***Ақтан болды-ау күніңіз Арсы менен Күрсіге,

Тайталасты үніңіз. Бұл жерде *қолынан жұмсады* – өз ойындағын істетті деген мағынада айтылып тұр [3, 452]

*Уа, сен, Қанжығалы Бөгенбай,
Тақымы кетпес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды
Қай жерде жауға тіредің!?! [7.103]*

Найзасын жауға тіреді – қарсы тұрды, жауға шапты деген мағынада қолданылып тұр [3, 530]

Бұқар жыраудың «Тілек» өлеңінде кездесетін фразеологизмдерге тоқталсақ: *Олжа болды* – пайдаланды, пайда етті, өз пайдасына алды [3, 550], *Сегіз қиыр шартарап* – күллі әлем деген мағынада қолданылған [3, 612].

Бұқар жырау толғауларында төмендегідей фразеологизмдерді де кездестіре аламыз: *Айдауға (айдауына) жүрді* – ырқына, дегеніне көнді [3, 22], *(Наушарандай әділ – ешкімге қиянаты жоқ, қара қылды қақ бөлген әділ төреші [3, 533], Негізге (тегіне, көгіне) тартады (көне) – ескі сенім бойынша, түбіне, ата-бабасына ұқсайды-мыс [3, 535], Несібесін жаттан тіледі – өз маңдайына бұйырар ырызығын сырттан іздеді [3, 537], Өгіз терісі талыс – үлкен ауқымды. Бұл жерде ақын аумақты ел-жұрттың баламасы ретінде алып отыр [3, 565], Он сан – өте көп, қырық рудан құралған, түрлі-түрлі деген мағынада қолданылған фразеологизмдерді кездестіруге болады [3, 552]. Өтті (өтімен) жарылды – қағанағы қарс айрылды, қатты ашуланды [3, 582], Серт (уәде) бұзылды* – серттен (уәдеден, уағдыдан) тайды (танды, шықты, жылысты)*уағдасында (уәдесінде) тұрмады*уәдені аттады – келісімінде тұрмады, сөзден айныды, өз сөзін аяқ асты қылды [3, 613], Сөзге түспейді – уәжеге көнбеді, айтқанға келіспеді [3, 622], Сөзі өтпеді – айтқанын жұрт қабыл алмады; айтқанын істете алмады; қолқа-тілегін орындамады [3, 628], Судан суға шүйгіді – еркін қызыққа кенелді [3, 630], Тақымы кетпес ұры – бау кеспе ұры [3, 657], Тезге салды – жөнге келтірді, түзеді [3, 674], Тоқымы кеппес – дамылсыз жортуылшы [3, 681], Тізгін салмады – ерік бермеді [3, 712], Шұбалаңқы тартты – жай-барақат, енжар болу мағынасында қолданылып тұр [3, 767], Иштен қара (қыңыр) туған – мінезі шәлкес, өз дегені болмаса, ешкімнің айтқанына көнбес [3, 790], Сәні болмады (кетті) – қызығы, жайы, қасиеті болмады, берекесі қалмады [3, 611]. Осындай фразеологизмдерді Базар жыраудың толғауларынан кездестіреміз:*

*Көк алалы көп жылқы,
Оның да сәні болмады,
Шамырқанған тал түсте
Шалқып жатқан көлден соң.*

Суырып салма ақындық таланты 15 жасында оны даңққа бөлеген Шал ақынның толғауларында кездесетін фразеологизмдерге тоқталсақ. Ақынның «Баспайға» атты өлең жолдарынан:

Бәсеке, мал жануар басқа бітер,
 Қына шөп секілді ол тасқа бітер.
 Үйінен ит жаланып шықпай тұғын,
 Өзіндей жатып ішер нақа бітер [7, 144].

Мал басқа бітеді – бас аманда байлық құтаяды деген мағынада айтылып тұр [3, 506]. Осы өлең жолдарында тағы бір фразеологизмді мысалға келтірсек: *үйіңнен ит жаланып шықпайды* – барып тұрған сараң, ешкімге түк бермейтін адам туралы меңзеп тұр.

«Көрілік» атты өлең жолдарынан төмендегідей фразеологизмдерді кездестіреміз:

Ұлғайып қартаяды жастан адам,
 Әулі қартаяды бастан адам.
 Жеткенін көріліктің ескермейді,
 Көңілі өсіп, мейманы асқан адам [7, 163].

Мейманы асты – асып-тасыды, көңілі өсіп масаттанды [3, 513].

Осы өлең жолдарынан бірнеше фразеологизмдерді тізбектеп көрсетсек: *Сөзден алжыды (алжасты)* – не болса соны, қисынсыз бірдеңені айта беретін болды [3, 622], *Мүшесі солды* – арыды, жүдеді, еті қайтты [3, 525], *Пішіні кетті* – әрі түсті, форымы өзгерді [3, 591].

Жыраулар поэзиясы фразеологизмдерге өте бай. Фразеологизмдердің қолданысы арқылы сол дәуірдің мәдени-рухани ерекшеліктері көрініс табады. Ол жыраулар тілінің көркем ойлау жүйесін аңғарта алады.

Әдебиеттер:

1. Османова З.Ж. І.Жансүгіров поэзиясы тілінің көркемдік ерекшелігі. - Алматы, 2004.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы, 1993. -224 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, Ғылым, 1977. -711 б.
4. Қайдар.Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, Мектеп, 1988. -205 б.
5. Болғанбаев Ә. Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы «Санат», 1997.
6. Смағұлов Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары. - Алматы, «Ғылым», 1997ж.
7. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы:Жазушы, 1989.-382 б.
8. Танабаев Ө. Жыраулар поэзиясы және табиғат. – Алматы, «Қазақстан», 1999. -140 б.
9. Бес ғасыр жырлайды. I том. - Алматы «Жазушы», 1984.
10. Бес ғасыр жырлайды. II том. - Алматы «Жазушы», 1989.
11. Әбішева Н.М. Жалпы білім беретін мектепте жыраулар поэзиясын оқытудың әдістемесі (9 сынып). - Алматы, 2010.

А.А.Жаналинова. LANGUAGE AND CULTURE OF SPEECH	97
М.М.Ерғазиева. ТІЛ ЖӘНЕ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ	102
А.Г.Келдикова. LANGUAGE AND CULTURE OF SPEECH	107
П.С. Сыдық. Ғылыми кеңесшісі: ф.ғ.д., профессор К.К.Садирова. ТІЛДІК РЕФЛЕКСИЯНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ	110
А.Ш. Сейдахметова. НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И КУЛЬТУРА РЕЧИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА	114
Ж.Қ.Ақмолда, С.С.Абдраймова. ТІЛ ЖӘНЕ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ	118
Алдабергенова Г.Д. О РОЛИ ЛИТЕРАТУРЫ В ДУХОВНОМ РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ	121
2-секция.	
ТІЛ ЖӘНЕ ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ	125
Базарбаева З.М. Муханова А.С. АКЦЕНТУАЦИЯ КАК ОДИН ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЭЛЕМЕНТОВ ПРОСОДИКИ	125
А.М. Фазылжан. ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫ ТАҢБАЛАЙТЫН ГРАФЕМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚАТЫСТЫ ФОНЕТИКА-ФОНОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ	132
А.Ә.Жаңабекова, А.Қ.Қожахметова. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ШЫЛАУЛАР ОРФОГРАФИЯСЫ	138
А.Аманбаева. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ТРАНСКРИПЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	143
Э.Ә. Өтебаева. 1960-2013 ЖЖ. ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕГІ ТЕНЕУЛЕРДІҢ (-дай, -дей, -тай, -тей қосымшасы арқылы) БЕРІЛУІ	146
Н.М. Рсалиева. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ТІЛДІҢ ӘДЕБИ НОРМАСЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?	151
Ж.Т.Жұмабаева. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ/ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ТРАНСКРИПЦИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	156
Е. Маралбек. 1924 ЖЫЛЫ ОРЫНБОРДА ӨТКЕН «ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СЪЕЗІНДЕГІ» ЕМЛЕ МӘСЕЛЕСІ	160
Н.А. Садуақас. ҒАЛЫМ А.АЛДАШ ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕРДІҢ ОРФОГРАФИЯЛАНУЫ ТУРАЛЫ	168
Ф.С. Нурышова. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ-ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ	173
Г.С.Аманова. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ЕМЛЕ ҰСТАНЫМЫН ТАҢДАУ ҚАҒИДАТЫ ..	177
Е.Е. Жолдығарин, Н.А. Садуақас. Қ.ЖҰБАНОВТЫҢ ОРФОГРАФИЯҒА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ	182
Д. Садық. ШЕТТІЛДІК АТАУЛАРДЫ АНА ТІЛІНДЕ ЖАЗУДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ	187
М. Таймағамбетова, Н.А.Садуақас. ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ЕМЛЕСІ	191
Нұртай Г. Мұхтарова Г. Ахметжанова Л. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ТАРИХЫНАН	196
3-секция.	
БАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ	201
Мажитаева Ш. ҮШТІЛДІЛІК – ЗАМАН ТАЛАБЫ	201

А.К. Алтаева. ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ, ДІНИ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ НЕГІЗІ... 204	
А.Қ. Таусоғарова. ТАҢБАЛАР БОЙЫНША ДАУЛАР ШЕШІМІНДЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ	209
Токпанова А.А. НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЯЗЫКА НОВЫХ МЕДИА.....	216
Ж.Д. Мусаева. ЛИНГВОЭКОЛОГИЯНЫҢ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	219
4-секция.	
ТІЛ ЖӘНЕ ДИСКУРСАҒЫ ТІЛДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ.....	224
А.С. Әділова. КҮРДЕЛІ ДИНАМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТҮЛҒА.....	224
К. Кудеринова. БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЗСАПТАМЫ	230
Б.И. Нұрдәулетова. ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ЖАН СУБСТАНЦИЯСЫ* ...	238
К.С.Қамзаева. АҚЫН-ДРАМАТУРГ ИРАН-ҒАЙЫПТЫҢ «ХАЙУАНДЫҚ КОМЕДИЯ» ТРАГЕДИЯСЫНЫҢ АҚИҚАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	241
А.З.Қазанбаева. ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ.....	247
Е.М.Молдасанов. М.СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ	251
Ж.А.Абитжанова. ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	256
З.Н.Жуынтаева, Б.К.Мырзабекова. ТАРИХИ ЖАЗБАЛАРДАҒЫ СИНТАКСИСТІК ПАРАЛЛЕЛИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ	262
А.М. Абасилов. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ТІЛДІК АХУАЛ*	267
Т.Б. Рамазанов. А. ЫСҚАҚОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАҒА ТӘН ҰСТАНЫМДАР	275
А.Ержанқызы. СИНОНИМДЕРДІ АНТРОПОӨЗЕКТІК ПАРАДИГМАДА ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ	280
Н.Е. Ахметова. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АНИМАЛИСТІК БЕЙНЕЛЕР	285
А. О. Қуат. АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КҮН КОНЦЕПТІСІ	289
Д.С.Көшкінбай. АДАМНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	295
А.Ж.Бекмағанбетова. ДИАЛОГТЫҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН БЕРУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ .	298
А. Бодыкова. ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТҮЛҒА ПРОБЛЕМАСЫ....	302
Ж.А.Искакова. СЫР БОЙЫ ШАЙЫРЛАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	305
Б.Қ.Қамызанова. СӨЗ ТУДЫРУШЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ОРТАҚ МӘН ТУҒЫЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	309
Б.О. Картбаева. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ДИАЛЕКТИКАСЫНА ӘСЕРІ	315
Г. Арызгулова. ҚҰРАМЫНДА АН, ҚҰС АТАУЫ БАР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚАЗАҚЫ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ	319
М.Қ. Сапарбай. СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ - ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАНАШЫРЫ	324
Г. М. Джулаева. КОНЦЕПТ КӨП ӨЛШЕМДІ МЕНТАЛДЫ ҚҰРЫЛЫМ РЕТІНДЕ	328
Имангазина М.А. «ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ» ОҚУ ҚҰРАЛЫНА САЛЫСТЫРМАЛЫ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУ	332